N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL
ISSN 2224-5308
Volume 6, Number 324 (2017), 65 – 67

S. R. Ergasheva , B. T. Tastemirova

International Kazakh-Turkish University after K. A. Yassavi, Turkestan, Kazakhstan.
E-mail: Sevara.e@mail.ru, bibka-087@mail.ru

INFLUENCE NASYBAY ON TEETH

Abstract. The article presents the percentage length ratio of the use of Nasibay among school students. Then written about the influence of Nasibay on tissues teeth the oral cavity. The results of the study showed that students use of nasibay common disease of the teeth by caries and periodontitis. Among children of school age do not consume nasibay dental disease was identified less. And the children who use nasibay dental diseases like caries and periodontitis revealed more. There proven adverse effects of Nasibay on the teeth.

Keywords: nasybay, dental caries, periodontitis, mouth, teeth, teenagers.

ӘОЖ 616.314-022.7

С. Р. Ергашева, Б. Т. Тастемирова

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

АУЫЗ ҚУЫСЫНЫҢ КІЛЕГЕЙ ҚАБАТЫНА НАСЫБАЙДЫҢ ӘСЕРІ

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының арасында насыбай пайдаланушылардың пайыздық көрсеткіштері жоғары екендігі көрсетілген. Насыбайдың ауыз қуысы тістеріне тигізетін зиянды әсері туралы жазылған. Зерттеу нәтижелері бойынша насыбай әсерінен тістердің кариес және периодонтит ауыруларымен жиі ауыратындығы келтірілген. Насыбай пайдаланбайтын мектеп жасындағы балаларда тіс аурулары аз кездескен. Насыбайды пайдаланатындарда тіс аурулары көп кездесетіндігі анықталған. Насыбайдың тістерге зиянды әсері дәлелденген.

Түйін сөздер: насыбай, кариес, периодонтит, ауыз қуысы, тістер, жеткіншектер.

Насыбайға құмарлықтың қазіргі уақыттағы ауқымы бүкіләлемдік сипатта, оны тұтынудың ұлттық шекарасы жойылған.

Темекі тарту, арақ құмарлық, нашақорлық және насыбайға әуестілік жасөспірімдердің жүйкесіне зиян келтіруде [1-3]. М. А. Каримовтің мәлімдеуі бойынша насыбай ауыз қуысының қатерлі ісігін туындатады деп айтылады, бірақ оның ауыз қуысы тістеріне әсері келтірілмейді [4]. Біз насыбайдың ауыз қуысы тістеріне әсерін зерттедік, зерттеу материалдары біздің ойымыздың дұрыс бағытта екендігін дәлелдеді.

Зерттеудің мақсаты. Жеткіншектердің ауыз қуысы тістеріне насыбайдың әсерін анықтау.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Кентау қаласындағы "Ыбраим" жеке шаруашылық серіктестігінің орталығымен бірлестікте 15 мектеп оқушылары (7047 адам) стоматологиялық скрининг зерттеу әдісімен тексеруден өткізілді. Олардың 14 жасқа дейінгілерінің саны 1906 (27%), 14 жастан жоғарылары – 4231 (60%) және 910 оқушы жоғары сынып оқушылары (13%) болды. Барлық тексерілгендердің тістерінің жағдайына медициналық анықтама берілді, ауру тістері бар оқушыларға дәрігерлік көмек көрсетілді және жалпы сауықтыру шаралары ұйымдастырылды. Жұмыстың алдына қойған мақсаты мен міндеттерін орындау үшін сараптама, статистикалық, әлеуметтік, эпидемиологиялық және математикалық модельдеу әдістері қолданылды.